

"Өскемен титан-магний комбинаты" акционерлік қоғамын қаржы жағынан сауықтыру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 20 шілдедегі N 1005

"Өскемен титан-магний комбинаты" акционерлік қоғамын қаржы жағынан сауықтыру, кәсіпорынды басқарудың нарықтық нысандары мен әдістерін пайдалану, бюджет қаражатының ысырабын жою, шетел инвестицияларының тұрақтылығын қамтамасыз ету, өндірісті алдыңғы қатарлы әлемдік технологиялар мен менеджмент деңгейінде ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін ұтымды ету мақсатында "Өскемен титан-магний комбинаты" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін басқаруға беру туралы "Specialty Metals Company" ұсынысы қабылдансын.

"Өскемен титан-магний комбинаты" акционерлік қоғамының басқармасы осы қаулы қабылданған кезден бастап "Specialty Metals Company" дiң" жазбаша келісімінсіз өнімді экспортқа шығаруға қандай да болсын шарт жасауды тоқтатсын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігімен келісім бойынша "Өскемен титан-магний комбинаты" акционерлік қоғамының мемлекеттік акцияларының пакетін басқару жөнінде "Specialty Metals Company" мен шарт жасау тапсырылсын, онда мыналар көзделсін:

тараптардың міндеттемелері мен кепілдіктері (осы қаулы қабылданғанға дейін жасалған мәмілелер бойынша реттеуді ескеріп);

"Specialty Metals Company" кәсіпорынның қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету туралы міндеттемесін орындамаған жағдайда шартты біржақты бұзу мүмкіндігі;

басқару жөніндегі шарттық қағидаларының орындалуы үшін пәрменді бақылауды қамтамасыз ету жүйесі;

басқа да қажетті шарттар.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасына Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан осы шартқа қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы мәселе акционерлер жиналысында заңда белгіленген тәртіппен шешілгенге дейін "Өскемен титан-магний комбинаты" акционерлік қоғамының басшы қызметкерлерімен жасалған контрактілердің күші сақталсын.

4. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Өскемен титан-магний комбинаты" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін басқару жөніндегі шарттық қағидаларының орындалуына бақылау жасайтын өкілі болып тағайындалсын және оған осы қаулыны жүзеге асыру жөнінде мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жүктелсін.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі он күн мерзімде үкіметтің осы қаулыға қайшы келетін шешімдерінің күшін жою туралы ұсыныстар әзірлесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі